



8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні



Құттықтау!

*Арулар-
аяулылар,
ардақтылар!*

**Құрметті ханымдар,
аяулы аналар!**

Сіздерді 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

«Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген сөз тегін айтылмаған. Ана - өмірдің гүлі, тіршіліктің нұры, мейірім мен ізгіліктің жаршысы.

Сіздердің бойларыңызда нәзіктік пен сұлулық, ақыл мен парасат, төзімділік пен өрлік секілді қасиеттер үндесе үйлесіп жатады.

Еліміздің өркендеуі мен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында нәзік жандылардың да еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. Әсіресе, рухани салада қол жеткен табыстарымызға әйел кісілер ерекше атсалысуда. Әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша мән беріледі. Әлеуметтік көмектер көлемі жыл санап өсіп келеді. Бұл жұмыстар ауданымызда да жүйелі жүзеге асуда.

Баршаңызды көктем мерекесімен құттықтай келе, Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт тілеймін. Ана қуанышы, әйел қуанышы – үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Әрдайым шат-шадыман күй көшіп, бақ-берекелеріңіз арта берсін!

**Ізгі тілекпен:
М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.**



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.

Мемлекет басшысына «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының былтырғы өндірістік жұмыстарының негізгі қорытындысы туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Берілген мәліметке сәйкес компания көмірсутектерді өндіру, өңдеу және тасымалдау бойынша белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізді. Биыл «ҚазМұнайГаз» 23 миллион тоннадан астам мұнай өндіруді жоспарлап отыр. Прези-



Мағзұм Мырзағалиевке бірқатар тапсырма жүктеді

дентке Өзен кен орнын оңалту жөнінде де есеп берілді. Бұл жобаның экономикалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар.

Бұдан бөлек, Мағзұм Мырзағалиев компанияның геологиялық қорларын ұлғайту перспективалары туралы ба-

яндады. Оның айтуынша, бүгінде жаңа жобаларға инвестиция бөлсенді түрде тартылып жатыр.

Мемлекет басшысына «жасыл жобаларды» дамыту жөнінде берген тапсырмасының орындалу барысы туралы мәлімет берілді. «Қаз-

МұнайГаз» басшысы компанияның кәсіпорындары орналасқан өңірлерде халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталған жобалардың жүзеге асырылу барысы туралы айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев инвестиция-

лық жобаларды іске асыруға қатысты бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарының, әсіресе көктемгі егіс жұмыстары қарсаңында үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударды.



Қаңтарда қанша алтын құйма сатылды?

2023 жылдың қаңтар айында екінші деңгейлі банктер мен банктік емес жекелеген айырбастау пункттерінде жалпы салмағы 79,5 кило болатын 2 364 алтын құйма сатылды.

Халыққа тазартылған алтын құймаларды сату және сатып алу бағдарламасын Ұлттық Банк 2017 жылы іске қосқан болатын. Бағдарлама қолға алынғалы жалпы салмағы 3,9 тонна тартатын 115 209 алтын құйма сатылыпты.

Алтын құймалар бес түрлі салмақта ұсынылады: 5, 10, 20, 50 және 100 г. Сатып алушылар арасында сақталуға ие түрі – 10 грамдық алтын құйма. Жалпы сатылған құймалар арасында оның үлесі 26%–29723 дана. Одан кейін 5 грамдық алтын құйма – 25 538 дана (22%), 100 грамдық құйма – 23 460 дана (20%), 20 грамдық құйма–23 131 дана (20%) және 50 грамдық құйма–13357 дана (12%). Алтын құймалар Алматы, Астана және Атырау қалаларында көп са-

тылған.

Алтын құйма–сенімді инвестиция құралы. Алтын құймалар нарығындағы өтімділіктің басты кепілі–банк пен банктік емес айырбастау пункттері клиентке ақшаны сол күні төлей отырып, құймаларды кері сатып ала алады.

Бағдарлама басталғаннан бері екінші деңгейлі банктер мен

банктік емес жекелеген пункттер жалпы салмағы 484,6 кило болатын 19 228 алтын құйманы кері сатып алды, бұл–жалпы сатылған құймалардың 17%-ы. Кері сатып алынған құймалардың барлығы Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары арқылы халыққа сатылады.

Әрбір құйма қорғау элементтерімен қапталған (құйманың айна беті, микротекст һәм жиегі бар) және арнайы қораппен шығады. Сол арқылы құйманың ашылған-ашылмағанын оңай тексеруге болады. Қорғап тұратын қорап сапа сертификаты болып та саналады. Сондықтан алтын құйманы ұқыппен сақтап, қорабын бүлдірмеуге кеңес береміз.

Алтын құймаларды Halyk Банктен, Еуразиялық Банктен, Jusan Bank-нен, ЦентрКредит Банкінен, сондай-ақ банктік емес жекелеген пункттерден де сатып алып, кері сатуға болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ел табысын еселейтін жоба

2022 жылдың қараша айында Достық-Мойынты теміржол телімінде екінші жолдарды салу басталғаны мәлім. Аталған телімнің өткізу қабілетін арттыру ел экономикасының еселеп дамуына қызмет етпек. Өйткені отандық өнімнің үздіксіз экспортын қамтамасыз ету және Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру жөніндегі алға қойған міндеттерді мүлтіксіз орындауда бұл инфрақұрылымдық жобаның маңызы өте зор.

Желідегі екінші жол іске қосылғаннан кейін телімнің өткізу қабілеті 5 есе артады дейді мамандар. Қазір тәулігіне 12 жәп жүк пойызын өткізіп отырған болса, екінші желі пайдалануға берілгенде олардың саны тәулігіне 60 жәп жүк пойызына дейін көбейеді. Бұған дейін айтылғандай, жоба өте тиімді мультипликативті әсерге ие. 20 жыл ішінде ол Ұлттық қорға 543 млрд теңгені үстеме пайызымен қайтарады. Сондай-ақ бюджетке 4 трлн теңгеден астам салық түсімдерін қамтамасыз етеді. Құрылысты жүргізу барысында қазақстандық қамту үлесі 85 пайызды құрап отыр.

Құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру үшін Балқаш стансасы, Жақсыбұлақ, Үшарал қаласы бойынша үш басқару орталығы іске қосылған. Бұлармен бірге Жарық, Сарықұм, Ортадересін, Шолқызыл, Жақсыбұлақ, Ақтоғай, Үштөбе, Сайқан стансаларында 8 өндірістік база құрылып, жұмыс істеп тұр. Тағы бір құптарлығы қазақстандық зауыттармен инертті материалдар, темірбетон шпалдар және басқа да бұйымдарды жеткізіп алу бойынша келісімшарттар жасалыпты.

Осы күнде Мойынты-Балқаш телімінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Көкдамбақ-Сарықұм аралығына жер төсемі төселген. 80 шақырым болатын бекіткіштері бар шпалдар жеткізіліп, 62 шақырымдық рельсті шпал торлары төсеуге дайын.

Құрылыс алаңында 125 бірлік арнайы техника және 200-ге жуық қызметкер жұмыс істейді. Жер төсемін салу және рельс-шпал торын төсеу үшін қосымша 6 төсеу пойызын және 8 хоппер-мөлшерлегішін тарту жоспарланған.



Өзекті тақырыптағы жиын

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан прокуроры Ержан Қожабековтің төрағалығымен жиын өтті. Аталған шараға аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, ауыл, кент округ әкімдері, бірқатар бөлім басшылары мен сала мамандары, аудан әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссия басшылары мен қызметкерлері және аудан тұрғындары қатысты.

Аудан прокурорының төрағалығымен өткен жиынның күн

тәртібінде екі мәселе қаралды.

1. Созақ ауданының жергілікті атқарушы және уәкілетті мемлекеттік органдармен ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы» туралы заңның қолдану жағдайы мен орындалу мәселелерін талқылау, атқарылған шаралардың тиімділігіне баға беру.

2. 2022 жылдың 12 айы мен ағымдағы жылдың өткен мерзімінде әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатысты аудандық полиция бөлімі мен жүргізіліп отырған профилактикалық шара-

ларының тиімділігі мен толтырылған әкімшілік хаттамаларының сапасын қарау.

Күн тәртібіндегі аталған мәселелер бойынша Созақ ауданы прокуратурасының прокуроры, кіші әділет кеңесшісі Әбдікәрім Әуесбекұлы баяндама жасады.

Аудан прокуроры Ержан Базарбекұлы өз сөзінде құқық бұзушылықпен барынша қоғам болып күресу қажеттігін, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында тек қана құқық қорғау органдары ғана емес жергілікті жердегі атқарушы органдарда белсенді жұмыстар жүргізу керектігін атап өтті. Осыған байланысты, Сіз бен біздер болып аудан аумағында

қылмысты барынша азайтып, қылмыстардың жасалу алғышарттары мен себептерін анықтау арқылы барынша қауіпсіз қоғам құруымыз қажет,-деді.

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов аудан аумағындағы қылмыстық жағдайдың алдын алып, оларды анықтау мақсатында полиция бөлімі мен біркелкі ұйымдастырушылық жұмыстарын күшейту мақсатында тиісті шаралар қарастырылатынын айтып, жиынды қорытындылады.

Кезекті аппарат мәжілісі өтті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе 2021-2023 жылдарға бюджет түсімдері туралы Созақ ауданының кірістер басқармасының басшысы Қанат Төлендиев хабарлама жасады. Хабарламада көлік салығы мен сыртқы (көрнекі) жарнаманы түгендеу,




жері тіркелмеген, заңсыз алкоголь өнімін сатушыларды және жабдықтаушы кәсіпорындарды тіркеу сынды бірқатар мәселелерді алға тартты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе көктемгі дала жұмыстарының барысы туралы аудан әкімдігінің ауыл шаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов баяндады. Сонымен қатар, аудан әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергенов көктемгі көркейту және көгалдандыру жұмыстарының барысына тоқталып өтті.

Аудан басшысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ауыл, кент округ әкімдері мен жауапты мамандарға тиісті шараларды қолға алуды тапсырды. Бірқатар сала мамандары мен округ әкімдерінің жұмыстарын сынға алып, халықпен байланысты одан әрі күшейтуді қатаң ескертті. Сондай-ақ басқарып отырған ауыл, елді мекендердің айналасына тал егу жұмыстарын күшейтуді, өткен жылы отырғызылған көшеттердің жай-күйін бақылауды тапсырды. Атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларды тек ресми түрде ғана емес, нақты орындалу барысын тікелей бақылауда ұстайтынын атап айтты.

Кәсіпкерлермен жүздесті

Өткен, ақпан айының 3 күні Созақ аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің мәжіліс залында кәсіпкерлермен жиын болып өтті. Жиын Созақ аудандық прокуратурасы мен Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасы Созақ аудандық филиалының ұйымдастыруымен. Дөңгелек үстелдің мақсаты: кәсіпкерлік субъектілерінің салық, жер құрылыс, ауылшаруашылығы және коммуналдық қызметтер саласындағы проблемалық мәселелердің алдын-алу және болдырмау еді. Жиынға Созақ ауданы прокурорының прокуроры, Созақ аудандық Кәсіпкерлер Кеңесінің мүшелері, аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімі, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, аудандық кірістер басқармасы өкілдері қатысты. Жиын барысында кәсіпкерлер тарапынан ауылшаруашылығы, салық, жер алу мәселелері көтерілді. Көтерілген мәселелерге байланысты тиісті бөлім мамандары ҚР заңдарына сәйкес жауаптарын берді. Қабылдауда көтерілген мәселелер аудан прокурату-



расының прокурорының алдағы уақытта бақылауында болатынын жеткізді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 23–24 ақпан күндері Қаратау, Қарақұр, Созақ, Сызған ауылдық округтерінің тұрғындарымен есепті кездесулерін өткізді

Жалпы 4 ауылдық округтерінде өткен жиындарға 895 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары,

БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков прокуратура, ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 16 адам болды. Олар: жұмыссыздық, жер, тұрғын үй, жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкес тиісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
Қаратау ауылдық округі			
1	Бақырлы елді мекенінің Қалмырза көшесіне көше жарықтандыруын жүргізуді ұйымдастыру	1.06.2023 жыл	О.Ермахан, Е.Айдарбеков
2	Ақсұмбе елді мекенінің Сапарбай, Қалмырзақлы көшелеріне асфальт жабындысын төсеу жұмыстарын қамтамасыз етсін	жыл ішінде	Д.Құдайбергенов, Ф.Бимендиев
Қарақұр ауылдық округі			
1	Раң елді мекенінің Раң көшесіне асфальт жабындысын төсеу жұмыстарын қамтамасыз етсін	жыл ішінде	Д.Құдайбергенов, Ф.Бимендиев
Созақ ауылдық округі			
1	Созақ ауылының мәдениет үйінің ғимаратына жөндеу жұмыстарын жүргізу	жыл ішінде	М.Ниязәліұлы, Б.Аяпов
2	Спорт алаңының құрылыс жұмыстарын толық аяқтауды қамтамасыз етсін	жыл ішінде	Ж.Борсабаев, Б.Аяпов
Сызған ауылдық округі			
1	Қозмолдақ елді мекеніндегі Т.Төреханов көшесіне көше жарықтандыруын жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру	1.06.2023 жыл.	Х.Нұртан, Е.Айдарбеков
2	Қозмолдақ елді мекенінің Т.Төреханов және М.Берістемұлы көшелеріне асфальт жабындысын төсеу жұмыстарын жүргізу	жыл ішінде	Д.Құдайбергенов, Х.Нұртан
3	Қайнар елді мекенінің Қайнар-бұлақ көшесінің трансформаторын жаңасына ауыстыру жұмыстарын жүргізу	27.03.2023 ж	Ф.Жүсіп, (келісім бойынша) Х.Нұртан



Арулар-тіршілікке күре тамыр

Әйелсіз дүние-тұл. Әлемнің жарығы-Ана. Бойымызға қуат, өмірімізге мазмұн дарытып отырған да аяулы аналар, асыл жарлар. Елдіктің, тыныштықтың, береке мен бірліктің әр шаңырақтың ұйытқысы болып отырған да осы аяулы жандар. Ананы әлемнің жарығы десек, табиғатты аруға теңейміз. Табиғат отанымыздың басты байлығы. Оның аясына орман, тоғай, тау мен тас, өзен-көл, жазық алқап пен жазира дала, сайын атырап, көк аспан, жан-жануарлары бәрі-бәрі енеді. Сұлулық пен әсемдік, даралық пен дархандық табиғатқа ғана тән. Сол сұлулықтың ішінде орман шаруашылығы саласында табиғатымыздың, орман-дадалы өлкеміздің, қорғалуы мен өсіп-өнуі, көбею жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген аруларымыз қаншама. Солардың бірсыпырасы біздің ауданы-

мызда табиғатты қорғау саласында халыққа қалтқысыз қызмет етіп жүрген әпке-қарындастарымызды айтсақ болады. Созақ орман шаруашылы мекемесіндегі есепші Оспанова Шакизат, кадр жөніндегі инспектор Қойшыбаев Гүлзипа, экономис Тұяқбаева Таңшолпан, радиооператор Досанова Зейнеп, жас маман Досметов Шахризат сияқты аруларымыз өздері сияқты ару табиғатымыздың гүлдене, көркейе түсулеріне жұмыс жасап келеді. Аитулы мереке қарсаңында барша аруларымызды төл мерекелерімен құттықтап дендеріне саулық, еңбекте табыс, отбасында бақыт пен қуанышқа кенеле берулеріне тілектеспіз! Арулар - аяулылар, ардақтылар, өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар. Арулар-тіршілікке күре тамыр, өмірді бір-біріне жалғап тұрар.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ата-әжесінің баласы

Созақтық Орынбекқызы Нұргүл есімді қарындасымыз жхбайы Берік екеуі 6 ұл-қыз тәрбиелеп отырған жас жанұя. Нұргүл 1981 жылдың ақпан айының 22-ші жұлдызында Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Қарапайым отбасында өмірге келген жас талап ауыл мектебінде білім алады. Кейін, Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, «Өнертанушы» мамандығын алып шығады.

24 жасынан бері Созақ ауданының қорғаныс істері

Қызы Інжу Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің 8 сыныбының озып оқушысы. Елбасы медалының қола жүлде иегері. Республикалық, облыстық, аудандық жарыстардың жүлдегері. Көркем сөз оқу шебері. Болашақта шығармашылықпен айналысқысы келеді.

Екінші ұлы Марғұлан 7 сыныптың озып оқушысы, болашақта өткен ғасырларды зерттеуші-тарихшы болғысы келеді.

Қызы Көркем 3 сыныпта оқиды, озып оқушы, білікті де білімді дәрігер болсам деген

Нұргүлдің енесі Жанат Бәкірқызы зейнеткер, 6 ұл-қыз тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ардақты ана, «Күміс алқа» иегері. Ұл-қыздары мен немерелеріне демеуші болып, оларға өмірден алған мол тәжірибелері бойынша бағыт-бағдар беріп отырған аяулы ана. Нұргүл тұра енесіне тартқан екен. Енесі де алты ұл-қыз тәрбиелеп, кезінде күмістен алқа таққан екен.

Нұргүл әскери комиссариаттың азаматтық қызметкері ретінде, озып оқушы ретінде, озып оқушы ретінде, озып оқушы ретінде «Армия генералы



жөніндегі бөлімінде инспектор болып қызмет атқарады. Ардақты ана, «Күміс алқа» иегері.

Әкесі Сариев Орынбек талай жылдар бас есепші қызметімен халыққа еңбегі сіңген тыл ардагері. Анасы Айдақараева Әсемгүл жастайынан "ақ желеңді абзал жан" деген сөзді ұстанып, медицина саласында қабылдаған антына адал жан болған. Өз саласының білікті маманы болып зейнеткерлікке шыққан қадірменді азаматтар.

Отбасының тұңғышы Иманғали Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің 10 сыныбының озып оқушысы, арманы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясына оқуға түсіп, офицер болуы.

ниеті бар.

Ортаншы Шыңғыс мектеп алды даярлық тобының озып оқушысы, сабақта өте алғыр шәкірт.

Кенже ұлы Қасым-Жомарт 3 жаста, атасы мен әжесінің тәрбиесін бойына сіңіруде.

Атасы Шадманов Имамусалин Асқарұлы зейнеткер. «Зейнеткерлікке шықтым, болды шаршадым, ендігісін балалар өз күндерін өздері көрсін» демей, 2019 жылы «Төрт түлік» шаруа қожалығын құрып, шаруашылықты дамыту мақсатында мемлекеттен жалға жер алып, түйе және жылқы бағыты бойынша жұмыстар атқаруда. Қазіргі уақытта «жеті атасын білмеген жетесіз» демекші, болашақ ұрпаққа аманат ретінде әулеттің шежіресін жазуда.

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағанбетов», «Жергілікті әскери басқару органдарына 100 жыл», «Қарулы Күштердегі қызметі үшін» медалдарымен марапатталса, сондай-ақ Түркістан облысының Қорғаныс істері жөніндегі Департаменті бастығының, Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының, Созақ ауданы әкімінің, аудандық «Аманат» партиясы төрағасының алғыс хаттарының иегері.

Жаңа Қазақстанның жауынгер ұлдары мен қыздарын тәрбиелеп, еліміздің демографиялық үрдісіне үн қосып келе жатқан Нұргүл қарындасымыз әлде де Алтын алқадан үмітті. Алла ақ армандарына жеткізсін!

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Аналарға!

Аспандағы айға да, жер бетінде гүлге де, Жан шуағын бөлеген тең көреміз күнге де.

Аппақ нұрдан жаралған, жан шуақты жан анам,
Ақ пейілмен бөлейміз үлде менен бүлдеге.

Төбірене теңейміз, теңейміз де төрбейміз,
Жанымызға медет ғып, үміт жібін үзбейміз.
Ақ жаулығы көрінбей, аппақ шашы өрілмей,
Сағынған бір сәттерде, өлең-жырдан іздейміз.

Көк жүзінде қалықтап, қарашы сен анықтап,
Ақ пейілі бүлт болып, тұңғылыққа шарықтап.
Құс жолы деп жүргенің, орамалы емес пе,
Ақ баталы анаңның бара жатқан қалықтап.

Тірі пенде тұрғыны, тұңғылығы ғаламның!
Тірі кезде қадірін біле білген ананың,
Түн ұйқысын төрт бөлген ақ жаулықты анаң,
Түн ұйқыңның мысқалын сол жан үшін таба біл!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Өсірген, әлпештеген ұл-қыздарын, жарқырасын ұл-қызың-жұлдыздарың. Тәрбиелеп өсірген сіздерге алғыс, анашым, саған сансыз қарыздармыз! Ана-өмірдің бастауы. Аналар болмаса біз-балалар өмірге келмес едік. Мен үшін, анашым әрқашан мейірім төгетін жан ғой, шіркін! Анам жайлы айтар болсам, ол кішкентай, яғни, енді туылған кезімде, менің адам болуым үшін бүкіл күш-қуатын жұмсаған жан. Мен өмірге келіп, кейде пенде болған соң ауырып жатсам да, шыр-пыр болып жүрген жан-ол ана! Мен бала болып бұзықтық жасап, ренжітсем де құшағына баса алатын жалғыз жан. Анашым қатты ризамын. Себебі, ол менің әр қадамым үшін

Анашым, саған сансыз қарыздармыз!

алаңдап отырады. Қабағым шытылса қиналатын, қуансам шаттанатын алтын адам. «Балаларым бақытты өмір сүрсін!» деп жұмыс жасап, қабағын шытпай жүрген аналарымыз аман болсын! Ананың орны, құшағы ерекше ғой. Кішкентайымнан еркелеп өстім, не жеймін, не киемін деп қиналмадым. Бірінші Аллаға сансыз шүкір! Екінші әкем мен анама рақмет айтамын! Анасыз ғұмыр жоқ дегім келеді. Ана бар да бақыттымын, денім сау, көңілім тоқ деп ойлаңыз. Анашым, мен сізді



балапан жүрегіммен жақсы көремін. Анашым-жәннәтім, «Жұмақтың кілті ананың табанының астында» деп дана халқымыз бекерге айтпаса керек. Анамен өткізген

әр сағат, әр минут, әр секунд маңызды. «Құлыным құлама, құласаң жылама!» деген көң жүректі жан-ол ана. Бала жүрек пен ана жүрек бірге соғады деп ойлаймын. Менің әр-жетістігіме нағыз қуанатын жан, қолдау білдіретін жан-ол ана! Анамның ақ жаулығы қандай аппақ болса, пейілі де солай аппақ кіршіксіз таза. Менің бар тілегім, анашым аман болып біздің қызығымызды көрсе екен дейміз. Анашым менің бар байлығым, бүкіл ғұмырым десем де қателеспеймін.

Аяулы ана өмірдің қиыны мен қызығы қатар жүреді. Сіз тек біздің қызығымызды көріңіз. Аналарымыз аман болып, біздің жанымызда әдемі қартайып жүре берсін! Отбасының ұйытқысы, татулық пен ынтымақтың ақ бесігін тербеткен ақ жүректері мейірімге толы аналарымыздың жүзінен қуаныштың күлкісі мен мейірімнің шуағы кетпесін! Қыз-келіншек, жеңгелеріміз бен құрбы-құрдастарымыз көктемнің гүліндей отбасыларының, ағайын-тума, сүйген жарларының жайнаған нұры болып, қуаныштарға бөлене берсін!

**Дариға МАШАЙ,
Алматы қаласы.
Студент.**

№3 Шолақорған сайлау округінен Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат НҰРЛАНОВ БАЗАРБАЙ НҰРЛАНҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР! МЕНИҢ БАҒДАРЛАМАМНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЫНАЛАР БОЛМАҚ:



-«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен жұмыссыз жүрген және өзін-өзі жұмыспен қамтитын азаматтарға жыл сайын стартап гранттар мен несие беру мәселесіне;
-Аудан және өзімнің сайлау округімде туындаған мәселелерді шешуге мәслихат депутаттарының назарын аудару, депутаттық мандатты тиімді пайдалану мәселесіне;
-Ауданның тиімді инфрақұрылымын құру мәселесіне;
-Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті ашу мәселесіне;
-Жұмыссыздықты азайту үшін жаңа инновациялық жобаларды енгізу мәселесіне;
-Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығын цифрландыру, шағын бордақылау алаңдары мен жылыжай алаңдарын салу мәселесіне;
-Мемлекеттік «Еңбек», «Бизнес-Кеңесші», «Бизнес-Өсу», «Жас кәсіпкер мектебі» жобалары шеңберінде азаматтарды өз кәсібін ашу үшін оқу-курстарына оқытуға жіберу мәселесіне;
-Шағын және орта бизнесті аша отырып, Отандық тауар өндірушілерді қолдауға, «Қазақстанда жасалған» нарық тауарларының көлемін ұлғайтуға;
Аудан тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру бағыты бойынша
Халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру – менің сайлауалды бағдарламамдағы өзекті мәселенің бірі болып табылады:
-Аудан тұрғындарының сапалы ауыз суға қолжетімділігін арттыруға;
-Ауданға қарасты ауылдардың электрмен толық жабдықтауға;
-Аудандағы елді мекендерде толық жарықтандыру жүйелерін орнатуға;
-Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мәселесіне;
-Тұрақты жұмыс орындары санын көбейту мәселесіне бар күш жігерімді жұмсаймын;
Қымбатты жерлестер!
Менің мызғымас ұстанымым туған жерге арналады.
Сіздер өз таңдауларыңызды дұрыс жасайды деп үміттенемін.

№12 Жуантөбе сайлау округінен Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат АЙТБАЕВ АЛМАС САПАРБАЙҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!



Менің бағдарламамның негізгі бағыттары мыналар болмақ:
Ауданды шөлейттенуге қарсы күресу мәселесіне;
Азаматтардың тиесілі жер телімдерін алу, оны тиімді пайдалануына ықпал жасау мәселесіне;
Ауылшаруашылық құрылымын ірілендіруге, ауыл шаруашылығының сапалы өнімдерімен аудан тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бар күш-жігерін салу мәселесіне;
Кәсіпкерлікті қаржылық қолдау мен несиелер арқылы ынталандыру мәселесіне;
Кәсіпкерлердің жаңа жұмыс орындарын ашу мәселесіне;
Тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, әлеуметтік ахуалын арттыру үшін бюджеттерден қаржы бөліну мәселесіне;
Экологиялық және гендерлік аспектілерді ескере отырып, кедейшілікке қарсы күресу мәселесіне барынша ықпал жасаймын.
Халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру – менің сайлауалды бағдарламамдағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Аудан тұрғындарының сапалы ауыз суға қолжетімділігін арттыруға;
Ауыл ішіндегі тарихи және мәдени мұраны сақтауға;
Сайлау учаскесіне қарасты ауылдарды электрмен толық жабдықтауға;
Байланыс қызметінің сапасын арттыру үшін елді мекендерде жаңа қызмет түрлерін интернет, кең жолақты интернет желісіне қосылуына қол жеткізу мәселесіне;
Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мәселесіне;
Елді мекеншілік және аудандық маңыздағы автомобиль жолдарын жөндеуіне белсене қатысып, өз үлесімді қосамын.
Халықтың денсаулығына төнетін экологиялық қауіп-қатердің алдын алу және азайтуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.
Ауыл шаруашылығын дамытуға бюджет тарапынан бөлінетін субсидиялар мен дотациялардың бөлінуін қадағалау;
2027 жылға дейін Қоңыратарық, Қақпансор локальды су жүйелерін тарту арқылы сапалы ауыз сумен 100% қамтамасыз етуге;
Тасты, Шу, Жуантөбе ауылдарындағы автомобиль жолдарына орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
2023 жылы аудандық маңызы бар КХ-2 «Созақ-Тасты-Қылти» автомобиль жолының құрылысын салуға;
Созақ ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөлімі арқылы «Беккер» шұңқыры құрылысына жұмыс жүргізуіне жұмыс жасаймын.
Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі арқылы Жуантөбе ауылдық клубының жылыту қазандығы мен еденіне ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаржы бөлінуін қадағалаймын.
Ауыл жастарының арасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне жұмыс жасаймын;
Ұстаздармен байланыс орната отырып, оқушылар бойына патриоттық құндылықтарды қалыптастыруда пән сабақтарына қойылатын талаптарды айқындау мәселесіне белсене араласамын.
Тасты ауылынан 75 орындық мәдениет үйін салуға;
- Елдімекендерге толықтай жарықтандыру жүйелерін орнату мәселесін шешуге ықпал ету;
Құрметті сайлаушылар!
Сайлау учаскелеріне келіп, өз таңдауларыңызды жасаңыздар.

№12 Жуантөбе сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихаты депутаттығына үміткер БЕЙСЕМБИЕВ АБАЙ ДУЛАТҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

Құрметті округ сайлаушылары!

Алда аса маңызды саяси науқан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және жергілікті мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді.

Бұл науқан еліміздің гүлденуі мен және саяси тұрғыдан одан әрі дамуы үшін маңызды әрі қажетті шешім болады.

Ауданымыздың экономикасы мен халықтың әл-ауқатын арттыру ісіне қолдан келгенше өзіндік үлес қосу әрбір ел азаматының алдындағы парызы деп есептеймін. Сол себепті ел перзенті ретінде бұл сайлауға түсіп бағымды сынауды борышым деп білемін.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздер маған қолдау, қуаттау көрсетіп, аса жауапты да үлкен мән мен маңызға ие сайлау науқанында сенім білдірсеңіздер, іс-тәжірибемді, күш жігерімді жұмсай отырып мына төмендегі бағытта жұмыс жасау ниетіндемін.

-«Дипломмен ауылға» бағдарламасын басшылыққа ала отырып, Жуантөбе, Тасты, Шу ауыл жастарын жұмыспен, баспанамен қамтылуына ықпал ету.

-Жуантөбе, Тасты, Шу ауылдарындағы Ұлы Отан соғысы ардагерлері, теңестірілгендер, соғыс және еңбек ардагерлерімен қатар, алдағы уақытта ауған соғысы ардагерлері, Чернобыль апатын залалсыздандыруға қатысушылар, желтоқсаншылардың жеңілдетілген коммуналдық төлем төлеулерін, аудан көлемінде тегін жүріп-тұруларына тиісті органдардың назар аударуына тиісті органдардың назар аударуына жұмыс жасаймын.

-Дені сау ұрпақ келешек мұраты» қағидасына сай «Ана мен бала» денсаулығына баса назар аударуға, сонымен қатар көп балалы аналарға жеңілдіктер қарастыруды қолға аламын.

-Ауданның экологиялық апатты аймаққа жататынын ескере отырып, алдағы уақытта Жуантөбе, Тасты, Шу ауыл тұрғындарының денсаулығы мен тұрмыс тіршілігіне қатысты бірсыпыра жеңілдіктер енгізу үшін жоғарғы органдар алдына ұсыныстар дайындайтын боламын.

-Ауданның экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында көпшілік арасында насихат жұмыстарын жүргізіп, көшелерге және үйлер мен аулаларға жасыл желек отырғызу, ауыл маңын тазартуға ден қойып отырамын.

-Халықтың өтінішін ескере отырып, Жуантөбе, Тасты, Шу ауылдарынан орталықтандырылған жаңа ауылдық моншаның салынуына, ұялы телефонның қалыпты жұмыс жасап іске қосылуына ықпал ететін боламын.

-Ауданымыздың медицина саласына түрлі деңгейдегі бюджеттен қаралатын қаржыларды тиімді, әрі өз мақсатына жұмсалуды бақылаймын.

-Өндіріс орындарымен байланыс орната отырып, Жуантөбе, Тасты, Шу ауылдарынан маман жастарға арнап тұрғын жай салуға демеушілер тартуға ықпал ететін боламын.

-Біздің еңбек сүйгіш халқымыз үшін ең бастысы тыныштық пен бейбіт өмір. Сол себепті татулықты ту етіп, ынтымақ пен ырымшылдық арқылы сіздерден саяси қолдау тапсам, алдағы артылар ауыр жүкті бірге бөлісе көптеген игілікті шараларды жүзеге асыратын жұмыстарымыз баршылық.

Ендігі пікірде, дауыс беруде Сіздердің таңдауларыңызда. Сіздерге сенемін!



№5 Наурыз сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихаты депутаттығына үміткер БАБАЕВА ГУЛЗИНА ОНГАРОВНАНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

Мен, Бабаева Гулзина Онгаровна Созақ аудандық мәслихат депутаты болуға бел будым Мен-мұғаліммін. Мамандығымды мақтан етемін. Мұғалім-қоғамның қорғаушы күші. Адалдықты, жемқорлықсыз өірді ұстаным еткен, әділетсіздікке қарсы күресе білген мұғалім-бүгінгі оқушыларға, ертеңгі болашаққа үлгі.



-Ен байлықтың үстінде отырған халықтың тілі ортақ (мемлекеттік тіл), дені сау, «МӘМС), әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсы, Ата Заңға сай құқықтары сақталған, экономикасы мықты, тәуелсіздігі толыққанды, жемқорлықтан таза болуы үшін қоғамдағы түйткіл мәселелердің түйінін шешуге бар күш-жігерімді саламын.

-Біз бірлігімізді танытқан кезде ғана әділетсіздік пен жемқорлықты ауыздықтай аламыз.

-Ауыл мәдениетін арттыруға, халықтың бірлігін сақтауға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, білім мен күш жігерімді саламын.

-Ауылды көркейтуге, көгалдандыруға, көшелерді жарықтандыруға назар аударамын.

-Жайылымда, өрісте жүрген халықтың төрт түлік малын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге жұмыс жасаймын.

-Мемлекеттік мекемелер мектеп, балабақша, мәдениет үйлерін үнемі назарда ұстап, кадрлық мәселелерін шешуге ықпал жасаймын.

-Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге қызмет көрсетіп, үнемі назарда ұстаймын.

-Шағын елді мекендердегі балалар ойнайтын алаңшалар салдыру.

№12 Шу ауылдық сайлау округінен Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер ШАРИМБЕКОВ ДУМАН НАЛИБЕКОВИЧТИҢ сайлауалды бағдарламасы



Құрметті сайлаушылар!

Шу ауылдық округінен мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсына отырып, ауылдық округ тұрғындары алдындағы үлкен жауапкершілікті терең түсінемін. Ауылдық округ тұрғындарын және ауылдағы өзекті мәселелерді біле отырып, менің депутат ретіндегі міндетім-заңнама аясында және өз өкілеттілігім шегінде туындаған мәселелерді тиісті орындарға жеткізіп, шешу тетіктерін қарастыру болады. Мәслихат депутаты ретінде халықпен, өндірісшілермен және кәсіпкерлермен

бірлесе жұмыс істеу және ауыл өміріне белсенді қатысу үшін өз бағдарламамды ұсынып отырмын.

Мен өз қызметімде келесі бағыттарды негізгі деп санаймын:

- *Зейнеткерлерге, мүгедектерге және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету;
- *Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет қызметкерлеріне қолдау көрсету;
- *Ауылдық округ тұрғындарын сумен қамтамасыз ету бойынша проблемалық мәселені шешу;
- *Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларымен, кәсіпкерлермен жұмыс жүргізу;
- *Ауыл жастарымен жұмыс жүргізу, жастарды спортпен айналысуға тарту жөніндегі жұмысты жандандыру;
- *Ауылды көріктендірумен, көгалдандырумен және санитарлық тазартумен айналысу.

Қымбатты ауылдастар!

Алдағы сайлауда Сіздердің таңдауларыңыз маған түсетініне сенемін. Өйткені, Сіздермен қоян-қолтық араласып, бірлесе отырып, өңірдің экономикасын, әлеуметтік-мәдени саласын дамытуға, елді көркейту-көгалдандыру ісіне үлесімді қоса беремін. Ортақ істер бізді бір-бірімізге жақындата түседі.

Депутат ретінде мен мына мәселелерге баса назар аударып, оларды тиянақты шешуге күш-жігерімді жұмсаймын.

№5 Наурыз сайлау округінен Созақ ауданы бойынша мәслихат депутаттығына үміткер ЕСМҰРАТОВА ГҮЛШАТ ЕСБЕРГЕНҚЫЗЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



Менің ұстанымым: Халықтың білдірген сенімін ақтаудан артық - абырой жоқ!

Менің басты мақсатым: өмірдің өзі тудырған мәселелерді күн тәртібінен түсірмей шешіп отыру. Өмірден алған мол тәжірибем, білімім мен біліктілігімді пайдалана отырып, еліміздің оның ішінде ауданымыздың дамуының жаңа деңгейіне көтерілуіне үлес қосамын.

Мемлекеттің – басты байлығы халық және олардың денсаулығы, яғни халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту.

*Қазіргі заман білектің емес білімнің заманы еліміздің болашағы өркениетті ұрпақ тәрбиелеу, сол себепті ұрпақ тәрбиесі алдыңғы шепте. Өскелең ұрпақтың бос уақытын тиімді пайдалануына жол ашатын түрлі жобалар дайындау.

* Білім берудің әлемдік стандартына жету үшін мектептердің, балабақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіру жұмыстарын жүргізуді назарда ұстаймын.

* Ел президентінің жолдауында айтылғандай мектепке дейінгі мекемелерге аудан тұрғындарының мектеп жасына дейінгі балаларының толық қамтылуына ықпал жасаймын. Білім саласында қызмет атқарғандықтан әрбір отбасының тұрмысы, жұмыссыздығы, жанұя құрамы, әлеуметтік жағдайы туралы зерттей отырып, халықты әлеуметтік жағынан қолдау, жұмыссыздықты болдырмау мақсатында тиісті орындарға мәселе қойып отырамын. Экономикалық тұрғыдан мүмкіндігі мол Созақ ауданының дамуына ат салысу.

* Кіші және орта кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндіктер ашу. Президент жолдауында айтылғандай кәсіп ашушыларға көмек беру, яғни жастар арасында, әсіресе ауылдық жерлерде шағын бизнестің дамуына қолдау көрсету, олардың несиесі алуына «Ауыл – ел бесігі», «Құтты мекен» жобаларын іске асыру мәселесіне және шағын кәсіпкерлікпен айналысуына жол ашу.

* Бизнес өкілдері мен ауданымыз қазба байлықтарына мол болғандықтан, өндіріс орындарының аймақ басшыларымен атқарушы орган өкілдері арасында ашық алаң құру.

* «Елге құрмет» тақырыбымен әрбір жетістікке жеткен ауданнан шыққан түлектермен әлеуметтік-әріптестік негізінде жобаларды жүзеге асыру;

* Ауыл жастары мен оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында тиісті заң қызметкерлерімен бірлесе отырып жұмыс жүргізіп, іс-шаралар өткізу арқылы қылмыстың азаюына ықпал ету жолында жұмыс жасау.

*Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі мен сыбайлас жемқорлықпен күрес бағыты бойынша жұмыс жасау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, оның ішінде азаматтардың санасын өзгерту жолымен біздің қоғамымызда осы злымдық толық жойылғанға дейін біздің жалпыға ортақ идеологиямыз болуға тиіс. Біз әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізге жетуге тырысуымыз қажет.

№9 Созақ сайлау округінен Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер БАЙСАҚАЛ ЖАҢАБЕК ТЕМІРҒАЛИҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Менің сайлауалды бағдарламамның мақсаты ауылды дамыту және жұмыссыз жастарды азайту болмақ!



АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР:

Ауылшаруашылығын, шаруа қожалықтарды, тауар өндіруші кооперацияларды және ауылшаруашылық өнімдерін жан-жақты өңдеуді мемлекеттік қолдауға тиімділігін арттыру.

Экология. Ауылды көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын үнемі жүргізу.

Әлеуметтік қорғау. Мүгедектерге, зейнеткерлерге, ардагерлерге, тұрмысы төмен отбасыларға және көп балалы аналарға үнемі көмек көрсетіп, бақылауда ұстау.

Медициналық қызмет. Ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттыру.

Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жастармен үнемі жұмыс жүргізу. «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен ауылға жастарды шақырып, бос жұмыс орындарын ұсыну.

«Жұмыспен қамту», «Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары бойынша жұмыстарды жүргізіп, ауыл халқының әлеуметтік жағдайын көтеру.

Созақ және Ыбырай ауылдарының көшелерін жарықтандыру. Балалар ойнайтын ойын алаңшаларын күрделі жөндеуден өткізу және қосымша салдыруға ықпал жасау.

Ұялы байланыс интернет қызметінің сапасын арттыру.

Жастар саясатын жүзеге асыру мен ауылда жастарды тұрақтандыру мақсатында жұмыс көздерін ашу мен баспана мәселесін шешу жолдарын қарастыру;

-Білім мен мәдениет саласын дамыту мақсатында мектептердің және мәдениет үйі клубтардың материалдық жағдайын жақсартуға үнемі атсалысу, білімді, өнерлі жастарды тәрбиелеу мен олардың танымдық-шығармашылық мүмкіндіктерін шындау мақсатында жастар ұйымымен бірлесе насихат жұмыстарын тұрақты жүргізу.

-Қазыналы қарттарға, ардагерлерге, әртүрлі топтағы мүгедектерге «Батыр аналарға», «Алтын» және «Күміс алқалы» аналарға мемлекет тарапынан берілетін барлық жеңілдіктердің, жәрдемақылардың дер кезінде жеткізілуін басты назарда ұстау. Даталы күндерге байланысты оларды марапаттау үшін демеушілер тарту;

-Интернет желісі мәселесін түбегейлі шешіп, оқушылардың жоғары деңгейде сабақ өтуіне жағдай жасау.

№10 Науайы сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат БӘЖІБАЕВ ЕРБОЛАТ ӘДІЛХАНҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру, Жастар мәселесі мен патриотизм, Экономика мен халықтың өмір сүру деңгейін арттыру – менің сайлауалды бағдарламамдағы өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Созақ ауылындағы мектеп оқушылары, ауыл тұрғындары көп жүретін, (бірінші кезекте) негізгі көшелерге аяқжолдар салдыруға;

Көп жылдардан бері айтылып келе жатқан, Созақ ауылына спорт кешенін салу мәселесіне баса назар аударуға;

Созақ ауылындағы көшелерді асфальттандыру жұмыстарын жүргізуге;

Көктөбе елді мекеніне орталық көшені жарықтандыруға;

Ауыл тұрғындарының сапалы ауыз суға қолжетімділігін арттыруға;

Созақ ауылындағы ескірген және тозығы жеткен трансформаторларды ауыстыруға ;

Жаңа тұрғын үйлерге белгіленген жерлерге инфрақұрылымын жасатуға;

Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті ашу мәселесіне;

Жастардың және жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мәселесіне, сондай-ақ ауылдық мәдениет үйінің жанынан спорттық және мәдени үйірмелер аштыруға;

Созақ ауылында ардагерлер үйін аштыруға;

Халық пен жергілікті басқару органдарының арасында ашық диалог құру мәселесіне;

Мал жайылымдары мен егістік жерлерге халықтың қол жетімділігін арттыруға;

Қандай да бір мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктерді алу үшін шағын және орта бизнес өкілдері мен ауылдың жұмыссыз тұрғындарына кеңестер санын арттыруға және оларды алуға;

Жастардың жұмысқа орналасуы мен жұмыспен қамтылуына жәрдемдесуге;

Созақ ауылындағы интернет сапасын көтеру, байланыс жүйесін жақсарту жұмыстарын жүргізуге;

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көп балалы отбасылардың өмір сүру жағдайын көтеруге;

Аудан орталығы Шолаққорған мен Созақ ауылы арасында салынып жатқан автомобиль жолына жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілуін қадағалауды.

Республикалық, облыстық және аудандық бюджет тарапынан бөлінетін қаржы көздерін көбейтіліп бөлінуін қадағалауды басты назарда ұстаймын.

№11 Қарағұр сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер ИБРАЙМОВ РУСЛАН МАҚСҰТБЕКҰЛЫНЫҢ сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер ерге ел сенсе, көтереді ол еңсе,
Абырой деген сол ғана, еңбегің елге еленсе...
Егер округ сайлаушылары сенім білдіріп қолдаса,
мына төмендегі жұмыстардың орындалуына ықпал
етіп, күш-жігерімді жұмсайтын боламын.

Бәсекеге қабілетті білімді де дарынды оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру мақсатында аудан мектептерінің материалдық-техникалық базасын заман талабына сай толықтырып, білім берудің жаңа бағытына сәйкес жүйелі түрде байытуға және дамытуға аудандық бюджеттен қаржы бөлінуіне ықпал етемін.

Атаулы әлеуметтік қолдау және шын мәнісінде, зәру жандарға, көп балалы, аз қамтамасыз етілген отбасыларға, мүгедектер қоғамына көмек беруді игілікті және ізгілікті мақсаттар барысында тұрақты жүзеге асыру үшін нәтижелі жұмыстар жүргіземін.

Бюджет саласының қызметкерлері мен мұқтаж жандарға материалдық тұрғыда көтермелеу, қолдау мақсатында мемлекеттік «Тұрғын үй» бағдарламасы негізінде салынған тұрғын үйге қол жетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндігінше ықпал етемін.

Мұғалімдерге, денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне коммуналдық жеңілдіктердің тұрақты да уақтылы берілуін табандылықпен қорғаймын.

Уақытша жұмыссыз бос жүрген ауыл жастары мен оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және құқықтық – патриоттық тәрбие беру мақсатында тиісті заң қызметкерлерімен бірлесе отырып, жұмыс жүргізіп, іс-шаралар өткізу арқылы қылмыстың азаюына ықпал етемін.

Жастар арасында, әсіресе, ауылдық жерлерде шағын бизнестің дамуына ат салысамын.

Шаруаларды қолдау бағдарламаларын іс жүзінде жүзеге асырылуына жұмыс жасаймын.

Қадірменді жерлестер!

Осындай алға қойған міндеттерімді орындауда Сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін.

Барлық мақсаттарымды іске асыруды Еліміздің саяси жүйесіндегі оңды өзгерістермен ұштастыра отырып жұмыс жасайтын боламын.

Жаңа қоғамда жаңаша көзқарас, жаңа қажеттіліктер туындап отыратындығы сөзсіз, сондықтан мен Сіздермен біргемін. Халыққа қызмет ету басты міндетім.

Тәуелсіз Қазақ елінің болашағы жарқын, халқының тұрмысы жоғары, мерейі үстем, бақ-дәулетті болсын!

«Халыққа қызмет – басты міндет».



№2 Теріскей сайлау округінен Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат САРСЕНОВ ЖАСҰЛАН ЖАЙЛАУҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

**ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!
МЕНИҢ БАҒДАРЛАМАННЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЫНАЛАР БОЛМАҚ:**

-«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен жұмыссыз жүрген және өзін-өзі жұмыспен қамтитын азаматтарға жыл сайын стартап гранттар мен несие беру мәселесіне;

-Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру мәселесіне;

-Аудан және өзімнің сайлау округіме туындаған мәселелерді шешуге мәслихат депутаттарының назарын аудару, депутаттық мандатты тиімді пайдалану мәселесіне;

-Ауданның тиімді инфрақұрылымын құру мәселесіне;

-Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті ашу мәселесіне;

-Ауылды жерде тамшылатып және жаңбырлатып суару, жылжымай салу, мал тұқымын асылдандыру жұмыстарын жетілдіру мәселесіне;

-Жұмыссыздықты азайту үшін жаңа инновациялық жобаларды енгізу мәселесіне;

-Шағын және орта бизнесті аша отырып, Отандық тауар өндірушілерді қолдауға, «Қазақстанда жасалған» нарық тауарларының көлемін ұлғайтуға;

-Аудан тұрғындарының сапалы ауыз суға қолжетімділігін арттыруға;

-Аудан ішіндегі тарихи және мәдени мұраны сақтауға;

-Ауданға қарасты ауылдардың электрмен толық жабдықтауға;

-Ауданға қарасты елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету үшін газдандырудың кезең-кезеңмен жүргізілуіне;

-Аудандағы елді мекендерде толық жарықтандыру жүйелерін орнатуға;

-Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мәселесіне;

-«Бизнестің жол картасы», «Дипломмен ауылға» бағдарламаларын орындау мәселесіне;

-«Жас кәсіпкер» жастар бизнес-бастамасының бағдарламаларын іске асыру мақсатында жыл сайын жастарға грант беру арқылы, бизнесін ашуға;

-Ауыл жастарының арасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне;

-Барлық жастардың өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау үшін жоспарлы жұмыстар жүргізуге және қоғамға жастардың араласуына жағдай жасауға;

-Аудан орталығы мен ауылды жердегі көшелердің көркін келтіру мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көше бойларына аллеялар, скверлер салу, ағаш көшеттері мен гүлдер отырғызу, оларға су желісін тарту, тұрғындар демалу үшін орындықтар орналастыру мәселесіне;

-Ауданда туризмді дамыту мәселесіне;

-Ауданның қасиетті және тарихи жерлеріне өлкетану экспедицияларын ұйымдастыруға және киелі орындарын абаттандыру мәселесіне;

-Беделі мен лауазымына қарамай сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті барлық деңгейде қатайта түсу, оң шешімін табуды ілгерілету мәселесіне;

-Бейбітшілік, этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді нығайту мәселесін жолға қоюға ықпал ету;

-Елді мекендерге толықтай жарықтандыру жүйелерін орнату мәселесін шешуге ықпал ету;

-Шолақорған ауылына 10 бейнебақылау камераларын орнатуға;

-Шолақорған ауылының жарықтандыру жүйелерін толық жарық диодты шамдармен алмастыруға;

-Сыбайлас жемқорлық және бюджеттік қаражатты талан-таражға салуға кінәлі адамдарды тексеру нәтижелерін міндетті түрде БАҚ-та жариялауға бар күш-жігерім мен тәжірибемді жұмсаймын.



№11 Қарағұр сайлау округтері бойынша Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат ӘДІХАН ТАЛҒАР ОРАЗӘЛІҰЛЫНЫҢ сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Мен өзімнің біліміммен жинақтаған өмір тәжірибелерімді, кәсіби, шаруашылық жұмыстарынан алған практикалық тәжірибелерімді пайдалана отырып осы сайлауда үміткер ретінде өз бағымды сынағалы отырмын.

-Ауыл тұрғындарына ортақ мәселе –таза ауыз мәселесін түпкілікті шешу

-Елді мекендерде шағын спорттық жайлар салуды қолға алу және оның шешім табу.

-ауылшаруашылығын дамыту, оның ішінде үй іргелік жерді пайдалану және қосалқы шаруашылықты өрістету арқылы әрбір отбасының экологиялық таза өнім пайдалануына жағдай жасау ерекше маңызды.

-Су көздерін тиімді пайдалану тиімділігін арттыру

-Ауылдық тұтыну кооперативтерінің жұмысына қолдау жасау.

-Азаматтардың шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысуына, қосалқы шаруашылықты дамыту, атаулы әлеуметтік қолдау және шын мәнісінде, зәру жандарға, көп балалы, аз қамтамасыз етілген отбасыларға, мүгедектер қоғамына көмек беруді игілікті және ізгілікті мақсаттар барысында тұрақты жүзеге асыру.

-Мұқтаж жандарға материалдық тұрғыда көтермелеу, қолдау мақсатында мемлекеттік «Тұрғын үй» бағдарламасы негізінде салынған тұрғын үйге қол жетімділігін қамтамасыз ету, мұғалімдерге, денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне коммуналдық жеңілдіктердің тұрақты да уақтылы берілуіне, жалпы білім беретін мекемелерді заманауи ақпараттық технологиялармен барынша қамтамасыз етуге қол жеткізу;

-Жастар арасында діни экстремизмнің, нашақорлықтың таралуының алдын-алу шараларын ұйымдастыру, спорттық секция, зал, аула алаңшаларын ашуға қол жеткізу;

Ауыл ішіндегі дарынды жастарға қолдау көрсету, салауатты өмір салтын насихаттау,

-Халықтың рухани және мәдени байлығын арттыру мақсатында елді мекендердегі кітапханалар мен ауылдық клубтардың салынуына және олардың қызметін арттыруға ықпал жасау;

-Аудандағы ірі өндіріс орындарына жергілікті тұрғындардың алынуына және өндіріс саласына қажетті мамандарды әзірлеуді шешуге тиісті орындарға нақтылы ұсыныстар енгізу;

-Созақ ауданы өндірістік аудан болғандықтан экологиялық жағдайдың қатаң сақталуына бақылау жасау;

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта Сіздердің қолдауларыңыз бен сенімдеріңізге сүйене отырып, ауылымыздың өркендеуіне, халықтың тұрмыс жағдайының артуына күш саламын деп сендіремін!

Өмірлік ұстанымым: Туған жер-тұғырым!



№4 Мыңжылқы сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер СЫРҒАБАЕВ РУСЛАН РАИСБЕКҰЛЫНЫҢ сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ

Қымбатты жерлестер!

Құрметті сайлаушылар!

№4 Мыңжылқы сайлау округі бойынша аудандық мәслихаттың депутаттығына үміткер ретінде өзімнің білімім мен іскерлік қабілетімді, еңбек тәжірибемді және бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Алдағы сайлауда Сіздердің таңдауларыңыздың маған түсетініне сенім артамын. Сондықтан: депутат ретінде мен мына төмендегі мәселелерге баса назар аударуды өзімнің парызым деп санаймын.


Мәслихат депутаттарының ролін күшейтуге, мәртебесін көтеру және аудан өмірінің барлық саласына ықпалын арттыруға, сайлаушылар мен депутаттардың қарым-қатынасын жақсартып, жүйелендіруге өз белсенділігім мен ынты-ықыласымды жұмсар едім.

Ауданда жергілікті тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін депутат ретінде тиісті құзырлы орындарға нақты мәселе қояр едім және бұл мәселенің орындалуын қадағалап, қамтамасыз етуге мүмкіндігім мол болар еді. Аудан көлеміндегі ескірген электр желілерін жаңартып, жаңа трансформаторлар қойғызып, жергілікті тұтынушылардың заман ағымына орай электрлі жарықты тұрақты пайдалануларына ықпал жасап, қолдау көрсетуді назарда ұстаймын.

Ауданымыз бүгінгі таңда облыс көлеміндегі өндірісі өркендеген, аграрлы көшбастаушы аудандардың бірі болып саналатындықтан, жұмыссыздықты мүмкіндігінше азайтып, сонымен қатар аудан аумағында жұмыс жасап жатқан біріккен кәсіпорындар мен өндіріс орындарына қажетті мамандардың сырттан емес өз ауданымыздың тұрғындарынан тартылуына ықпалымды тигізер едім.

Ем алушылар мен емделушілер арасындағы бей-берекетке жол бермеуге, ауруханалар мен емханаларды орталықтандырылған су жүйелерімен толықтай қамтамасыз етуге, аудан халқының салауатты өмір салтын ұстану қағидасын жүзеге асыруда, бұқаралық спортты дамытуға, аудан халқының мәдени өмірін жақсартуға ұтымды ұсыныстар айтып, белсенділік танытып, қолдау көрсетуді өзімнің азаматтық борышым деп санаймын.

№4 Мыңжылқы сайлау округіне қарасты көше тұрғындарының көкейкесті мәселелерін шешуге тікелей, шамам келгенше үлесімді қосып, көмегімді беретініме сенім білдіре отырып, депутат болып сайлануға ниет танытуымның себебі: өкілетті орган мүшесі бола тұрып құзырлы орындарға, бүгінгі таңда күн тәртібінен түспей тұрған актуальді проблеманың бірі – аудан халқын толық таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін нақты мәселелер қойып, сол бағытта аянбай еңбек ету болып табылады.



«Браконьер» өңірлік жедел-профилактикалық іс-шарасы

Браконерлікті, биологиялық ресурстар объектілерінің заңсыз айналымын анықтау және жолын кесу мақсатында, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 21 ақпан 2023 жылғы №1-5-2-46/744 шығысымен жолданған нұсқауына сәйкес және Түркістан облысы ПД-нің талабын орындау мақсатында, 2023 жылдың 24 ақпаны мен 13 наурыз аралығында Созақ ауданы аумағында «Браконьер» өңірлік жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, экологиялық заң бұзушылық жасаған тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шара көрілетінін ескертеміз.

Т.ЖЫЛҚЫБАЕВ,
Созақ АПБ-нің ЖПҚ-нің бастығы, полиция майоры.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7 (72546) 3-15-36 сенім телефонына хабарласуға болатындығын ескертеді.

«Созақ ауданының Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Құс тұмауы дегеніміз не?

Құс тұмауы – құстардың жұқпалы ауруы, патогеннің кейбір штампы адамдар үшін патогенді болғандықтан ауыр өлімге әкеліп соғады.

Белгілері: жоғары температура, құсу, мұрыннан және құлақтан қан кету, кеуде ауруы, пневмония, өткір респираторлық ақаулар, өкпе ісінуі. Құс тұмауы – өткір вирустық ауру, жұқпалы және ұяты, асқазан-ішек және респираторлық синдромдар. Құс тұмауы өте агрессивті құрсақ ие: өкпе асқынуларынан өлім 60-70% дейін жетеді.

Құс тұмауының басты себептері қандай? Ол – РНК вирусы, құс тұмауы, тұмау ауруына жатады, *Ortomyxoviridae* отбасы. Ақуыздың түріне байланысты (гемагглютинин және нейраминидаз), сыртқы қабығында орналасқан, құс тұмауы вирусының түрлі антигендік түрлерін шығарады. Адамдар үшін ең үлкен қауіп H5N1 және H7N7 штамдары бар, өйткені олар тез мутацияға қабілетті және аурудың ауыр түрлеріне және жоғары өлімге әкеп соғуы мүмкін. Құс тұмауының вирусы ұзаққа созылмайды, алайда 2-3 минут ішінде қайнаған кезде өледі.

Инфекцияның таралу көзі қандай? Көбіне жабайы суда жүзетін құс (қаздар, үйректер, аққулар) және үй құсы (тауықтар, түйетауық), онда құс тұмауының вирусы ішекке жатады және сыртқа нәжіспен бөлінеді. Маусымдық көші-қон құстарға ұзақ қашықтықта вирусты алып жүруге мүмкіндік береді. Адамның жұқпалы ауруымен ауыратын немесе өлі құс тұмауымен байланыста болу арқылы ауамен түсетін тамшылармен және фекаль-ауыз жолымен жүзеге асырылады. Адамнан адамға жұғу тіркелмеген. Құс тұмауы вирусын жұқтырған құстардың жүрісі баяулайды, суды ашкөздікпен ішу, жырылған, дыбыс шығарады. Көздері қызырып, мұрыннан секреция шығарады; диарея пайда болады, жүру бұзылады. Өлгенге дейін сырғалар мен ілгек цианозы байқалады.

Құс тұмауының белгілері қандай? Адам құс тұмауы вирусын жұқтырған кезде инкубация кезеңі 2-3 күнге созылады (сирек 2 апта). Құс тұмауының клиникалық көріністерінің кезеңіне жұқпалы-токсикалық дамиды, асқазан-ішек және респираторлық синдромдар болады. Жедел инфекция көрінісі – жоғары температура 38-40 дейін, С, түршігерлік салқын, бұлшықет және бас ауруы. Ринит болуы мүмкін, конъюнктивит, жұмсақ катаральді синдром (фарингит), мұрыннан және құлағынан қан кету. Іштің жарысында іштің ауыруы орын алады, қайталанған құсу және сулы диарея. Пациенттердің үштен бірі бүйрек жеткіліксіздігінің дамуына әкеледі.

Құс тұмауы көрінісінің басталуынан 2-3 күннен кейін тыныс синдромы қосылады. Вирустық пневмония дамиды, жөтел, гемоптиз, тыныс жетіспеушілігі, такипния, цианоз. Өкпенің қабыну өзгерістерінің жылдам прогрессиясы өткір респираторлық бұзылыс синдромының дамуына әкеледі. Құс тұмауы бар науқастардың өлімі әдетте өкпе ісінуден аурудың екінші аптасында орын алады, өткір респираторлық ақаулар, көптеген органдардың бұзылуы немесе қосалқы бактериялы және саңырауқұлақ инфекциясы. Балалардағы аурудың ерекшеліктері менингоэнцефалит дамуымен сипатталады, бас ауырсынуымен құсу арқылы жүреді, сана бұзылады.

Құс тұмауынан кейінгі иммунитет қысқа мерзімді болады. Басқа маусымда қайта зарарсыздандыру мүмкіндігі алынып тасталмайды. Инфекцияның өршуімен, ең көп патогенді құс тұмауы штамдарының туындауы, өлім 50-70% құрайды. Адамдардағы құс тұмауының алдын алу имундық жұюны нығайтуға бағытталған, профилактикалық режимдер үшін вирусқа қарсы препараттарды қабылдау. Құс еті мен тауық жұмыртқасынан ыдыс-аяқтарды дайындау кезінде сақтық шараларын қабылдаңыз.

Ауруды болдырмау мақсатында барынша сақтық шараларын қабылдау, үй құстарын жабайы құстармен байланысын болдырмау, сыртқа жаймай, ауру белгілері болған жағдайда кент ауылдық округтердегі ветеринар мамандарға хабарлау керек.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Газеттің келесі саны мерекелік демалыс болуына байланысты 11 наурыз күні шығады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

14/04/2023 14:30 “Оңтүстік Ынғай” кенішінің ҚТҚ полигонын қалпына келтіру және консервациялау жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлаймыз. Тыңдаулар Түркістан облысы, Созақ ауданы, а.а. Қыземшек ауылы, Тайкөнер ауылы, Түркістан ауданы Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Мыңжылқы мәдениет сарайы жанындағы Демур клубы, Тұлпар көшесі нөмірсіз 1 ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.

Тыңдаушылар жауапты орындаушы Ергешов Әлішер Әнуарұлының алдын ала келісімі бойынша “Оңтүстік Инкай” кенішіндегі жобалық құжаттармен таныса алады. Байланыс телефондары 87021505545 немесе “Актино-СКБ” ЖШС әзірлеуші кәсіпорны, Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru. жұртшылық өкілдері өз пікірлерін білдіре алады, ұсыныстарымен, ескертулерімен бөлісе алады және тыңдаулар басталғанға дейін оларды Тапсырыс берушінің электрондық пошта-сына жібере алады: a.ergeshov@ughk.kazatomprom.kz, info@ughk.kazatomprom.kz. құрметпен, “ЮГХК” “БК” ЖШС. Тел.+7/7252/99-73-93 “ЮГХК” “БК” ЖШС

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Сообщаем, что 14/04/2023 14:30 Состоятся общественные слушания по проекту Проект рекультивации и консервации полигона ТБО рудника «Южный Инкай». Слушания пройдут по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., с.Тайкөнер, Клуб Демур при Дворце культуры Мынжылқы отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта акимата Сузакского района Туркестанской, ул. Тұлпар здание номер 1 без номера.

Слушатели смогут ознакомиться с проектными документами на Руднике «Южный Инкай» по предварительному согласованию с ответственным исполнителем Ергешов Алишер Анварович. Контактный телефон 87021505545 или предприятием разработчиком ТОО «Актино-СКБ», Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru. Представители общественности смогут выразить свое мнение, поделиться предложениями, замечаниями и отправить их до начала слушаний на электронную почту Заказчика: a.ergeshov@ughk.kazatomprom.kz, info@ughk.kazatomprom.kz. с уважением, ТОО “СП “ЮГХК”. Тел. +7/7252/99-73-93 ТОО “СП “ЮГХК”

ХАБАРЛАНДЫРУ

“ЭкоШымкентпроект” ЖШС 2023 ж. 10 сәуірде сағат 12:00 Созақ ауд., Қыземшек ауылы, 1 м/а, 5а (әкімшілік) мекен жайында Созақ ауданындағы Аса учаскесінде Өндірістік қалдықтарды жағуға арналған инсинераторлық қондырғысы бар бұрғылау қалдықтары полигоны үшін экологиялық құжаттама бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Материалдармен порталда танысуға болады <https://ecoportal.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar> Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: “ЭкоШымкентпроект” ЖШС. БСН 080740014455, директор Жузбаев М, телефон 87058932184.

Әзірлеуші Тастанова Г, 87775023058 Қосымша ақпаратты тел. 8-777-502-30-58, e-mail: g_tastanova@mail.ru арқылы алуға болады

Карантиндік шаралар күшейген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom бейне-конференциясы арқылы өтетін болады

Ескертулер мен ұсыныстар порталда <https://ecoportal.kz> және Туркестан қ., 160 квартал, 254/1, тел. 59606 b.beisenbaeva@energo.gov.kz бойынша қабылданады

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ЭкоШымкентпроект» сообщает, что 10 апреля 2023 г. в 12:00 по адресу: Созакский район, пос Кыземшек, 1 мкр, 5а (акимат) состоятся общественные слушания по экологической документации для полигона буровых отходов с инсинераторной установкой на сжигание производственных отходов на участке Аса в Созакском районе.

С материалами можно ознакомиться на сайте <https://ecoportal.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>

Инициатор намечаемой деятельности - ТОО «ЭкоШымкентпроект» БИН 080740014455, директор Жузбаев М, телефон 87058932184.

Разработчик Тастанова Г, 87775023058 Дополнительную информацию можете получить по тел.: 8-777-502-30-58, e-mail: g_tastanova@mail.ru

В случае усиления карантинных мер общественные слушания будут проходить посредством видеоконференции Zoom:

Замечания и предложения принимаются: на портале <https://ecoportal.kz> и по адресу г. Туркестан, 1160 квартал, 254/1, тел. 59606, b.beisenbaeva@energo.gov.kz

Тиімді тамақтану және оның маңызы

Тамақтану – адамның тамағының құрамындағы барлық тағамдық, биологиялық белсенді заттардың ең тиімді арақатынаста болуы және олар адам ағзасына ең жоғары пайдалы әсерін тигізетін тамақтану. Үйлесімді тамақтану тағамдық заттар мен биологиялық белсенді заттар саны мен сапа жағынан да тиімді байланыста болуы керек, олар ақуыз, май, көмірсу, витаминдер мен минералды заттар. Ал, тиімді тамақтану дегеніміз - тамақ ішу режимін бұзбай, күнделікті рациондағы негізгі қоректік заттар мен биобелсенді заттердің организмге қажетті үйлесімділігін сақтай отырып, қуаттың кірісі мен шығынының тепе-теңдігін сақтау. Тамақтану, яғни тағамдық қорек алу – тіршіліктің негізі болып саналатын организмдегі заттек алмасудың дұрыс жүруіне, организмнің гомеостаз деп аталатын өзіндік ішкі тұрақтылығының қалыпты сақталуына, сонымен қатар қоршаған ортамен үйлесімді әрекеттесуіне әсер ететін ең негізгі фактор. Тиімді тамақтану мен үйлесімді тамақтану деген ұғым тамақ ішу режимін сақтауды да қамтиды.

Тамақ ішу тәртібі - тиімді та-

мақтанудың маңызы бір бөлігі. Дастархан басына тамақ ішуге күн сайын бір мезгілде отырудың маңызы зор. Таңертеңгі немесе түскі астың уақытын өткізіп жіберіп, орынын кейін толтырамын деуге болмайды. Тамақ ішу тәртібі бұзылған жағдайда адамда әртүрлі асқазан ішек жолдары аурулары пайда болуы мүмкін. Әр тамақ мезгілі арасындағы уақыт 6 сағаттан аспауы керек. Қандайда болмасын тамақ ішу тәртібінде соңғы тамақ ішу мезгілі мен ұйықтау арасында 2,5-3 сағат болуы керек.

Фастфуд немесе қуырылған тамақтарда май мен қоспалар көп болады. Сондықтан фастфуд тәрізі тағамдарды айына бір реттен артық жеуге кеңес берілмейді.

Таңертеңгі аста міндетті түрде ыстық тамақ, мысалы: жармалар, балық еті, бутерброд, ыстық шай, какао. Түскі астың қуаты тәуліктік ас қуатының 35-40 %-ын құрайды керек. Көп көлемдегі түскен асты қорыту үшін өте көп асқорыту сөлдері бөлінуі қажет. Ол үшін тамақ алдында жаңа көкөністерден әр түрлі салаттар пайдаланған жөн. Бірінші ас міндетті түрде сыйық болуға

тиіс. Өйткені асқазан сөлінің жақсы бөлінуі ыстық бірінші тағамдарды ішуде әсер етеді. Жазғы уақытта бірінші сыйық ас көкөністен болған жақсы, ал қысқы уақытта қуаты көптеу сыйық тағамдар қолданған жөн: фрикадельки, пельмен, жарма қосылған тағамдар. Екінші ыстық тамаққа еттен, құс етінен, балықтан дайындалғаны жөн, себебі олардың құрамында ақ уыз көп мөлшерде болады. Ақ уыздың жақсы қорытылуы үшін, майлы тағамдарға көкөніс қосып жеген жөн.

Кешкі асқа бойға тез сіңетін тамақтар: сүт, жарма және көкөніс жеген пайдалы. Ұйықтауға жатар алдын бір стакан сүт немесе айран ішкен жөн.

Қорыта келе дұрыс тамақтану деп қатаң диета сақтау емес, керісінше мүмкіндігінше ағзаға қажетті заттардың уақытылы түсіп тұруын айтамыз.

А.Б.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»
ШЖҚ РМК Түркістан об-
лысы бойынша филиалы
Созақ аудандық
бөлімшесінің зертхана
меңгерушісі
Ж.Қ.ТОЙШЫБЕКОВА,
зертхана маманы.

Ветеринария саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет ашық және түсінікті және белгіленген стандарттар мен регламенттерге сай жүргізілуі қажет. Көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез-келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей

көрсеткіш бойынша жаңа көзқарастарды қалыптастырып, негізінен қызмет алушы және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет алушы көрсетілген қызмет сапасымен қанағат тұтпайтыны, шағымдар болатынына байланысты, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Заңда көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлеріне шағым беру тәртібіне

берушіден мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда алуға;

2) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіге сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз және (немесе) электрондық нысанда

Мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтылығы

қол жеткізуі;

мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Яғни ендігі жерде мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші болады және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде тікелей халыққа арналуы тиіс.

Қабылданған Заң талаптары көрсетілетін мемлекеттік

қатысты нормалар енгізілген. Ал мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына бақылау жасау мен оны бағалау ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне және оның аумақтық құрылымдарына берілген. Яғни, уәкілетті органға қызмет беруші мен қызмет алушыға қанағаттанбау себебін анықтауға бағытталған кешенді зерттеулер жүргізу, мемлекеттік органдар тарапынан мемлекеттік қызметтер көрсету заңнамасын сақтамау, уақытылы бақылау мен қызмет алушылардың шағымдарын толық әрі уақытылы қанағаттандырмау себептерін зерттеу жұмыстарын жүргізу міндеттелген.

Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтары

1) көрсетілетін қызметті

алуға;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіге сәйкес цифрлық құжаттар сервисінен өзіне және отбасының кәметке толмаған мүшелеріне қатысты электрондық құжаттарды пайдалануға құқығы бар.

5) Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең жағдайда алады.

А. УТЕПОВ,
ҚР АШМ ВБЖҚ Созақ аудандық аумақтық инспекция басшысының міндетін атқарушы.

Қоғам ынтымақпен түзеледі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-өлеулі зардаптарға әкеліп

лаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып бәлді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Таукент кент округі әкімі аппараты қызметкерлері бұзған жағдайда 2-61-38 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.


Серік МАМАНОВ,
Таукент кентінің әкімі.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Таукент кент округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 2-61-38 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Таукент кент округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Гіршілеріміз Республикада көш бастап тұр!



Оқырмандарымыздың есінде болса, «Созақ үні» газетінің өткен нөмірінде «Созақ спортының сонны жаңалықтары» деген тақырыпта мақала жариялаған болатын! Бұл аптада сол Созақ спортына қатысты сонны жаңалықтардың ақпан айындағы соңы келді. Нақтырақ айтсам, 2023 жылдың 24-26 ақпан аралығында Астана қаласында Гір көтеру спортынан ұзын айналымнан Қазақстан Республикасының біріншілігі болып өтті. Аталған чемпионатқа ауданымыздың атынан Түркістан облысының намысын қорғаған бірінші спортшыларымыз жүлделі орындарды иеленді. Атап айтар болсақ, ересектер арасында 73 кг салмақта Орынбасаров Қобыланды 1-орын иеленіп, Республика бойынша РЕКОРД-ын жаңалады.



Ал, жастар арасында сынға түскен Сабыр Нурсултан 1-орын алып, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шеберін орындады. Ал енді, әуесқойлар арасында 68 кг салмақ дәрежесі бойынша Баби Орынбасар 1-орынды иеленді. Сондай-ақ, жасөспірімдер арасында 53 кг салмақта Мақсатұлы Бақыт 1-орын, Тауыпалды Айдын 68 кг салмақта 2-орын, 48 кг салмақта Тілеген Өскен 2-орынды иеленді.

Жаттықтырушылары ҚЕСЖ Серікбаев Мурат және Тұрсынбаев Бақтан. Еңдеше, бұл білекті батырларымызға да құтты болсын айтып, алдағы жарыстарында да жеңіс тұғырларынан көріне берулеріне тілектеспіз!

Данияр БЕК.

БЖЗҚ

Жарналар мен төлемдер көлемі ұлғайды

2022 жылдың 1 желтоқсаны қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары 14,4 трлн теңгеден асты. Жыл басынан бері зейнетақы жинақтарының өсімі 1,3 трлн теңгеден (немесе 10,2 %) артық көрсеткішке ие.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) жинақтар да шамамен тура осындай өсім – 9,9% немесе 1,2 трлн теңгені көрсетті. 1 желтоқсанға бұл шоттарда 13,9 трлн теңгеден астам қаражат жинақталған.

2022 жылғы 1 қаңтардан 1 желтоқсанға дейін зейнетақы жарналары түрінде ЖЗШ-ға 1,5 трлн теңгеден астам қаражат түсті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 30% көп. Өсім жарналардың барлық түрлері бойынша орын алды: өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 29% (немесе 329,5 млрд теңгеге), МЗЖ – 39% (немесе 19,4 млрд теңгеге) ұлғайды. Ең көп өсім-212% немесе 1,4 млрд теңгеЕЗЖ шоттарында орын алды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бақытжанович

Бас редактор:
Теңісбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нурсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.